

**Тақырып: Туризмнің рөлі. Туризм.**  
Мәтінмен жұмыс.

Сұрақтар :

1. Туризмнің рөлі қандай?
2. Туризм деген не ? Турист деген кім? (анықтамаларына назар аударыңыз)
3. Туристік өнім (продукт) деген не?
4. Туристік ресурстар деген не? Оған не жатады?
5. Туризм қандай түрлерге бөлінеді? Олардың ұғымын түсіндіріңіз.

**1. Туризмнің рөлі**

Туризм әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқарады. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның (ДТҰ) деректері бойынша ол әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11 пайыздан астамын, әлемдік өндірістің әрбір 9-шы жұмыс орнын қамтамасыз етеді.

Туризмнің қазіргі индустриясы табысы жоғары және серпінді (интенсивно) дамып келе жатқан қызмет көрсетулердің халықаралық сауда сегменттерінің бірі болып табылады. Халықаралық туризмнің үлесі экспортқа шығарылатын дүние жүзілік табыстың 8 пайызын, қызмет көрсету секторы экспортының 37 пайызын құрады. Туризмнен түскен табыс мұнай, мұнай өнімдері және автомобиль экспортының табысынан кейін тұрақты үшінші орында келеді. Мұндай оң үрдіс жаңа мыңжылдықтың бас кезінде де сақталады деп күтілуде. Әлемдік туристік рыноктың дәстүрлі аудандары өзінің рекреациялық (демалу) сыйымдылығының шегіне іс жүзінде жеткендіктен, туризмнің өсуі туристер баратын жаңа аумақтар есебінен басым дамитын болады. Осыған байланысты, Қазақстанның әлемдік туристік рынокта өзінің лайықты орнын табуға бірегей мүмкіндігі бар.

Қазіргі туризм еңбекшілердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына шығуымен байланысты болды, мұның өзі адамның демалуға және бос уақытын өткізуге негізгі құқығын тану болып табылады. Ол жеке адамды, адамдар және халықтар арасындағы өзара түсіністікті дамытудың факторына айналды.

ДТҰ, туризм жөніндегі мамандандырылған халықаралық ұйымдардың зерттеулерінің талдауына, сондай-ақ мемлекеттердің туризмді дамыту саясатына сәйкес, **туризм** мемлекеттің әлеуметтік, мәдени және экономикалық өміріне тікелей ықпал ететін қызмет ретінде түсініледі.

**2. Туризм түсініктері**

Туризм түсініктері:

1. туризм - жеке тұлғалардың уақытша болатын елде (жерде) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейін не жиырма төрт сағаттан аз уақытқа созылатын, бірақ түнейтін, ақылы қызметпен байланысты емес мақсаттағы саяхаты.
2. ішкі туризм – қарастырылып жатқан ел шегінде тұрақты тұрып жатқан келушінің ішкі туристік сапар немесе шығу туристік сапар шеңберіндегі қызметі.
3. келу туризмі – қарастырылып жатқан елде тұрмайтын келушінің келу туристік сапары кезінде осы ел шегіндегі қызметі.
4. шығу туризмі – қарастырылып жатқан ел шегінде тұрақты тұрып жатқан келушінің шығу туристік сапар немесе ішкі туристік сапар шеңберіндегі қызметі.
5. қызмет түрі – сапарға дайындық кезінде және сапар барасында тұтынушылар ретінде адамдардың іс-әрекеті мен жүріс тұрысы.
6. турист - уақытша болатын елге (жерге) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейінгі кезеңге келетін және ақылы қызметпен айналыспай, сол елде (жерде) сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және өзге де мақсаттарда кемінде бір рет түнейтін жеке тұлға.
7. туристік өнім – туристің саяхаттау барысында қажеттілігін қанағаттандыруына жеткілікті туристік қызметтердің жиынтығы.
8. туристік ресурстар - туристік көрсету объектілерін қамтитын табиғи-климаттық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру объектілері, сондай-ақ туристердің рухани

қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, олардың дене күшін қалпына келтіріп, дамытуға жәрдемдесетін өзге де объектілер.

### Тақырып: Туризм түрлері

#### 3. Туризм түрлері

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Туризм қандай түрлерге бөлінеді? Олардың мақсаттары қандай?
2. Туризмнің түрлеріне сипаттама беріңіз.

Туризм түрлері: әлеуметтік, экологиялық, шытырман оқиғалы (приключенческий), спорттық, іскерлік, емдік-сауықтыру, мәдени-танымдық, діни (религиозный), экотуризм.

1. Мәдени-танымдық туризм- туристерді мәдени құндылықтармен таныстыру арқылы көзқарастарын кеңейту. Табиғи-рекреациялық нысандардың, туристік-экскурсиялық, археологиялық ескерткіштердің кез-келген нысандары туристік-экскурсия жұмыстарында маңызды орын алады. Олар:

- ✓ әртүрлі тарихи, архитектуралық және мәдени кезеңдермен танысу үшін мұражайларға, тарихи және архитектуралық ескерткіштерге бару.
- ✓ театрландырылған қойылым, музыкалық, кино, діни мерекелерге, сурет көрмелеріне бару
- ✓ лекция, семинар, симпозиум, шетел тілін оқу және құзіреттілікті көтеретін тренингтерге бару.

2. Шытырман туризм (приключенческий)— ол байдаркамен жүзу, тау шанасымен жүру, джип-тур. Сонымен қатар атпен, түйемен, итпен, солтүстік бұғымен серуендеу жатады. Шытырман туризміне тыныш өзенмен жүру немесе Антарктидаға бару, бір сөзбен айтқанда «жаңа ашылуларға» (новое открытие) ұмтылу.

3. Спорттық туризм- спорттық бағдарлау, мультиспорт, шыңға шығу (скалолазанием), альпинизм, рафтинг, маунтинбайк (альпинизм), шаңғы, яхталық болып бөлінеді. Спорттық туризм сонымен бірге қоршаған ортада табиғи апаттарда алғашқы көмек көрсетуге дайындық ретінде де болуы мүмкін.

4. Іскерлік (делевой) туризм-бұл әртүрлі ұйымдардың қызметкерлерінің шетелге іскерлік кездесуге немесе корпоративтік іс-шараларға баруы.

5. Сауықтыру (оздоровительный) туризмі:

белсенді туризм – көптеген демалу түрінің бір түрі болып есептеледі. Шаршағанды басуға көмектесетін тек қана жағажайдағы демалу емес, сонымен қатар созылған жүйке-жүйе мен физикалық төзімділікте көмектеседі. Көптен көп адамдар таулардың сұлулығын, шығанақтарды, сарқырамаларды көргісі келеді, таулы өзендерде жүзгісі келеді, тау шаңғысымен немесе жылқымен жүргісі келеді және осы арқылы белсенді туризмге туристер үйрене бастайды. Жаяу туризм – күрделі емес таулы және жазық жерлерде өткізілетін туристік жорықтар. Халықтық топтар арасында ең көп тараған белсенді туризм түрі болып есептеледі: арнайы көлікті қажет етпейді, кез-келген аумақ бойынша жорықтар ұйымдастыруға болады.

6. Экотуризм Экологиялық туризм экологиялық білім, табиғатпен өзара қарым-қатынас мәдениетін арттыру, табиғи ортада этикалық нормаларды жасау, табиғаттың және оның жеке элементтерінің тағдыры үшін жеке жауаптылық сезіміне тәрбиелеу, адамның рухани және физикалық күштерін қалпына келтіру, табиғи жағдайдағы табиғи ортада толыққанды демалысты қамтамасыз ету.

7. Сафари туризм- жабайы (дикую природу) табиғатқа саяхат (означает путешествия в дикую природу и с мирными целями по всему миру). Сафари тур Қазақстанда автомобиль, велосипед, мопед жақсы көретіндердің арасында жақсы таралып кетті. Қазақстанның ұлан байтақ даласын аралау барысында өсімдік және жануарлар түрлерінің алуантүрлілігін көруге болады. Сондықтан Қазақстанды «Ұлы Дала Елі» деп атайды.


Пайдаланған сілтемелер:

1. <http://www.tourism-vs.vko.gov.kz/kz/files/basis1.html>
2. <http://referatkaz.kz>
3. [http://uchebnikionline.ru/turizm/turistichnyy\\_biznes\\_malska\\_mp/turizmi\\_ekologiya\\_ekoturizm.htm](http://uchebnikionline.ru/turizm/turistichnyy_biznes_malska_mp/turizmi_ekologiya_ekoturizm.htm)
4. [http://adilet.zan.kz/rus/docs/P010000333\\_compare](http://adilet.zan.kz/rus/docs/P010000333_compare) Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың

**Тақырып: Туризмнің артықшылықтары мен кемшіліктері.  
Қазақстанда туризмнің даму мәселелері  
Мәтінмен жұмыс**

**Мәтінді (Туристік кластеры) оқып, сұрақтарға жауап беріңіз**

1. Туристік ресурстар деген ұғымды түсіндіріңіз.
2. Картадан ҚР туристік кластерлерді анықтап, атап шығыңыз.
3. Не себептен 1, 2, 3 кластерлерде туризмді дамытуға болады?
4. Осы кластерлерде туризмнің қандай турлерін дамытуға болады? Дәлелдеңіз.



[http://studopedia.su/20\\_11518\\_kfIspe.html](http://studopedia.su/20_11518_kfIspe.html)

#### **4. Туристік кластеры**

Туристік ресурстар дегеніміз белгілі-бір территориядағы (аумақтағы) туризмді қалыптастырып, дамытуға мүмкіндік беретін табиғи, тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық нысандардың жиынтығы. Туристік ресурстарды табиғи, тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық деп екі топқа бөліп қарайды. Бұл топтарды туристік ресурстар жағдайын анықтайтын (табиғи және әлеуметтік-экономикалық) факторлар ретінде де қарастыруға болады. Бірінші топқа көрікті табиғи орындар (ландшафтар), рекреациялық орындар, тарихи-мәдени және табиғи (табиғат ескерткіштері) экскурсиялық нысаналар, климаттық көрсеткіштер (температура, радиация), теңіз, көл және мұхит жағаларының болуы мен олардың адамдардың демалысы үшін жарамдылығы жатады. Бұл жерде рекреация деген ұғымның мағынасын айта кету керек. Рекреация — адамдардың демалысы мен емделуін қамтамасыз ету арқылы олардың рухани және дене күшін қалпына келтіріп, дамыту, денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін жағдайлар. Рекреациялық ресурстарға табиғат компоненттері: климат жағдайы, жер бедері, минералды және термальды бұлақтар және өсімдік жамылғысы жатады.

Бірінші кластерге Алматы қаласы, яғни жақсы дамыған туристік аймақ болып есептелді. Аймақта инфрақұрылым жағдайы, туристік ресурстар, туристік әлуе, туристік өнімдерге жоғары сұраным, географиялық бірлікте өзара байланысты кәсіпорындар саны жеткілікті.

Екінші кластерді Астана қаласы, Алматы облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Оңтүстік Қазақстан облыстары құрады. Бұл аймақтарда туризмнен түскен кіріс деңгейі басқалармен салыстырғанда жоғары болғанмен, көрсетілетін қызмет пен жұмыс көлемі

жағына кейбір аймақтар көрсеткіштерінен төмен. Аймақтар туристерге тартымдылығымен, тиімді географиялық орналасуымен, маңызды туристік әлуэттің болуымен сипатталады.

Үшінші кластерді, біздің талдауымыз нәтижесінде Маңқыстау облысы, Ақмола облыстары құрады. Аталған аймақтар есептеу нәтижесінде сандық көрсеткіштер арқылы төмен деңгеймен бағаланғанмен, маңызды туристік ресурстары бар болып есептеледі. Дегенмен, бұл аймақтарда туризмді дамытудың үлкен келешегі бар және бұл мәселенің негізгі шешу жолы қаржыландырудың, инфрақұрылымды дамытудың көп көлемін қажетсінеді. Қазақстан Республикасының басқа аймақтары туристік әлуетке ие болғанмен, оларды дамыту қазіргі жағдайда дұрыс жолға қойылмай отыр деген тұжырым жасауға болады. Қазіргі уақытта Ақмола, Оңтүстік Қазақстан, Алматы қаласы, Алматы облысы, Солтүстік Қазақстан облыстарында туристік кластерді дамыту

Жалпы туристік ресурстарға баға берген кезде территориялардың (аумақтың) табиғи-эстетикалық жағына, олардың тартымдылығы мен қайталанбастығына көңіл бөлу керек, өйткені олар аумақтың туризм бойынша функционалдық сапасын анықтайды. Бұл жерде қолайлы климаттық жағдайлардың рөлі жоғары және аумақ табиғатының аз өзгеру жағдайы ерекше орын алады.

Туристік ресурстарға қатысты келесі ұғым — туристік мүмкіндіктер. Туристік мүмкіндіктер дегеніміз белгілі-бір территориялардағы туризмді қалыптастырып дамытуға мүмкіндік беретін, бірақ әр түрлі себептермен қазіргі жағдайда пайдаланылмай жатқан орындар мен факторлардың жиынтығы. Туристік ресурстардың таралуына байланысты оларды аудандастыру жүргізіледі. Туристік аудандастыру — аумақтағы туризмге байланысты географиялық ақпараттарды жүйелендіруге және ол аумақтағы туризмнің даму заңдылықтарын анықтауға байланысты жеке аудандарды анықтап, бөлу. Туристік аудандастыру аумақтың барлық бөліктеріндегі туризмнің жағдайы, факторлары және болашағы жайлы толық түсінік алуға, оларға байланысты жеке аумақтық ерекшеліктерді бір-бірімен салыстыруға және бұл мәліметтерді туризмді жоспарлау мен басқаруда пайдалануға мүмкіндік береді. Туристік ресурстардың, туристік нысандардың таралуы дегеніміз олардың басқа объектілермен және бір-бірімен салыстырғандағы белгілі-бір аймақтардағы орналасу реті мен жиілігі болу жағдайы. Туристік аудандастыру кезінде әр түрлі таксономикалық рангадағы аумақтық бірліктер бөлініп шығарылады. Олар маңыздылығы жағынан жалпы мемлекеттік (республикалық), дүние жүзілік және жергілікті болуы мүмкін. Ондай аумақтық бірліктерге —туристік-рекреациялық зоналар, туристік аудандар немесе орталықтар жатады.

#### **Тақырып: Туризмнің артықшылықтары мен кемшіліктері.**

**Тапсырма:** Берілген сілтемені <http://www.kmvlіne.ru/lib/turizm/43.php> және мәтінді (5) оқып, сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Туризмнің адамдарға беретін төрт артықшылықтарды атап, түсіндіріңіз.
2. Туризмнің қоршаған ортаға келтіретін төрт кемшіліктерды атап, түсіндіріңіз.
3. Туризмнің артықшылықтары мен кемшіліктерін экологиялық, экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан мысалдар келтіріңіздер және сипаттаңыз.

#### **5.Туризмнің артықшылықтары мен кемшіліктері.**

Туризм жалпы алғанда, мемлекеттің экономикасына оң нәтиже береді:

1. Шетел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді және төлем теңгерімі мен жиынтық экспорт сияқты экономикалық көрсеткіштерге оң ықпал жасайды.
2. Халықтың жұмыс пен қамтылуын көбейтуге көмектеседі. Бүкіләлемдік Туристік Ұйым мен Бүкіләлемдік туризм және саяхат кеңесінің бағалауы бойынша туризм өндірісінде құрылатын әрбір жұмыс орнына жұмыс орны келеді екен. Туризм тура немесе жанама түрде экономиканың 32 саласының дамуына ықпал жасайды.
3. Елдің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдеседі.

4. Сауда мен қызмет көрсетудің сапасының артуы (шетел туристерінің өте сапалы қызмет көрсету сұраныстары бойынша дамуы)

#### Туризмнің жағымды жақтары.

1. Жұмыс орнының ашылуы.
2. Кірістің ұлғаюы, жергілікті халықтың өмір сүру деңгейінің өсуіне әкеледі.
3. Кенттену үрдісі қарқынды дамиды, қалалық қызмет көрсету, инфраструктура, мәдени орталықтар дамиды.
4. Әлеуметтік және мәдени үрдістердің дамуы.
5. Жергілікті мәдени құндылықтардың қайта жаңғыруы, халықтың шығармашылығы, салт-дәстүрі дамиды.
6. Ауылшаруашылық тағамдар мен жергілікті халықтардың қолөнеріне сұраныс артады.
7. Жергілікті жердің тарихи мәдениетінің қайта жаңғыртылуы.
8. Табиғат кешенінің кеңеюі.
9. Жергілікті жердің мәдениеті қайта жаңғырады.
10. Халықаралық туризмнің артықшылығы-мемлекет азаматтарының шет ел азаматтарымен араласуы арқасында көзқарастарының кеңеюі мен мәдениеттерінің дамуы.

#### Туризмнің кемшіліктері (недостатки).

1. Туризмнің табиғатқа кері әсері: туристер табиғатта ойнағанды, от жаққанды жақсы көреді, бірақ ол өсімдіктердің тапталуына, от жағудан өсімдіктер мен топырақтың жануына, жануарларды қорқытуына әкеледі. Сонымен қатар саңырауқұлақ, гүлдер т.б жемістерді жинау олардың жойылуына әкеледі және әртүрлі тұрмыстық қалдықтардың қалуы қоршаған ортаның ластануына әкеледі.
2. Инфляцияның импорты, яғни шетелдердің төлемақыларды төлеу деңгейінің жоғарлығынан бағалардың өсуі;
3. Экологиялық шығын, оның екі аспектісі бар, табиғаттың бұзылуы мен мәдени ортаның бұзылуы (моральдық шаманың өзгеруі) тағы да криминалдық жағдайдың көбеюі.
4. Халыққа әсері: адамдардың тілдері мен салт-дәстүрлерінің өзгеруі.
5. Діни көзқарастарына әсер етуі мүмкін.
6. Туризмнің су ресурсының қорларына әсері.

Пайдаланған сілтемелер:

1. <http://www.kmvline.ru/lib/turizm/43.php>
2. [http://adilet.zan.kz/rus/docs/P010000333\\_/compare](http://adilet.zan.kz/rus/docs/P010000333_/compare)
3. <http://engtopic.ru/misc/tourism-impact-on-the-environment>
4. <http://www.ygolok.net/okruzhayushhaya-sreda/vliyanie-turizma-na-prirodu.html>
5. <http://www.bci-marketing.aha.ru/content/polozhitelnye-i-otritsatelnye-effekty-razvitiya-turizma-mirovaya-geografiya-turizma>

#### **Тақырып: Туристік индустрияның дамуы.**

**Сұрақтар :** Берілген мәтіндерді оқып,

1. Әр түрлі туризм индустрия ұғымын түсіндіріңіз.
2. **Туризм инфрақұрылымының дамуының нәтижесі қандай?**
3. Туризм индустриясының оң және теріс жақтарына сипаттама беріңіз.
4. Туризмнің даму кластері деген не? Мақсаты қандай?
5. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заң қандай мүмкіндіктерді береді?

#### **6.Туристік индустрия**

«Туризм және туризм индустриясы» терминінің анықтамасы жалпы қабылданғаннан бірнеше айырмашылығы бар. Олардың айырмашылығы теориялық бағыттың «Туризм» терминіне географиялық тұрғыдан және «Туризм индустриясы» терминіне экономикалық тұрғыдан қарау. Туризм – бұл саяхат, ал саяхат – ғасырлардан қалыптасқан түсінік, олар саяхатшы-географтармен жасалған географиялық ашылулар. Сондықтан туризм – бұл таза географиялық түсінік.

«Туризм индустриясының» экономикалық мәні бар. Индустрия сөзі үлкен өнеркәсіп деген мағынаны білдіреді (латын тілі. «industria» — қызмет). «Туризм индустриясын» экономикалық тұрғыдан қарау бұл саланың масштабтылығы мен тиімділігіне аз капиталдың сыйымдылығы және құйылған қаржының тез өтелуіне байланысты.

Туризм индустриясының анықтамалары:

1. Туризм индустриясы туризм қызметін сату және құруға маманданған қызмет көрсетуші мекемелермен мінезделеді немесе туристердің төлеу қабілеттілік сұранысын қанағаттандыруға мамандандырылған экономиканың бөлек саласы. (П.Г.Олдак)
2. Туризм индустриясы таза экономикалық категория болып табылады, яғни туризм индустриясы туризмнің шаруашылық деңгейін анықтайды. (С.Р.Ердаулетов)
3. туризм индустриясы шаруашылық құрылымның дербес звеносы деп анықтады және комплексті салалар мен бөлімдерден құралған экономикалық жүйе, олардың функциялары демалыс және көңіл көтерудің барлық түріне қиын және әр түрлі сұранысты қанағаттандырумен шектеледі (И.В.Зорин, В.А.Квартальнов).
4. Туризм индустриясы – бұл табиғаттағы рекреациялық байлығына сүйенетін, сервис инфрақұрылымының барлық формалары кіретін демалу және көңіл көтеруге қоғамның сұранысын қанағаттандыратын қиын, шаруашылық, өндірістік және әлеуметтік қызметтің көпқырлы жүйесі. анықтағыш ( справочник).

**Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы заң**

<p>Статья 4. Туристская индустрия</p> <p>1. Туристская индустрия - совокупность средств размещения туристов, транспорта, объектов общественного питания, объектов и средств развлечения, объектов познавательного, оздоровительного, делового, спортивного и иного назначения; организаций, осуществляющих туристскую деятельность, а также организаций, предоставляющих экскурсионные услуги и услуги гидов (гидов-переводчиков).</p>	<p>4-бап. Туристік индустрия</p> <p>1. Туристік индустрия - туристерді орналастыру құралдарының, көліктің, қоғамдық тамақтандыру объектілерінің, ойын-сауық объектілері мен құралдарының, танымдық, сауықтыру, іскерлік, спорттық және өзге де мақсаттағы объектілердің, туристік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ экскурсиялық қызмет және гидтер (гид-аудармашылар) қызметін көрсететін ұйымдардың жиынтығы.</p>
--	--

*Пайдалған сілтемелер:*

1. Туризм индустриясын дамыту проблемасына теориялық негіздеме.  
<http://malimetter.kz/turizm-industriyasyn-damytu-problemasyna-teoriyaluk-negizdeme/>
2. Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы заң  
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000211>

Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы заң  
4-бап. Туристік индустрия

1. Туристік индустрия - туристерді орналастыру құралдарының, көліктің, қоғамдық тамақтандыру объектілерінің, ойын-сауық объектілері мен құралдарының, танымдық, сауықтыру, іскерлік, спорттық және өзге де мақсаттағы объектілердің, туристік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ экскурсиялық қызмет және гидтер (гид-аудармашылар) қызметін көрсететін ұйымдардың жиынтығы.
2. Туристік индустриядағы қызмет көрсету түрлері:
  - 1) турлар ұсыну жөніндегі қызмет көрсету;
  - 2) тұратын орындар беру жөніндегі қызмет көрсету;
  - 3) тамақтандыру жөніндегі қызмет көрсету;
  - 4) ақпараттық, жарнамалық қызмет көрсету;
  - 5) көлік қызметін көрсету;
  - 6) ойын-сауық;
  - 7) өзге де туристік қызмет көрсетулер.

Пайдаланған сілтеме: Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы заң  
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000211>

### 7.Туризм инфрақұрылымының дамуы

Қазір туризм инфрақұрылымын дамытуға мемлекет тарапынан көп көңіл бөлініп, барлық жұмыс заң негізінде жүзеге асырылып жатыр. Соның нәтижесінде туристерге арнап қонақүйлер, сауықтыру нысандары мен басқа да қызмет көрсету мекемелерін салу және туризм индустриясына қаржы бөлу мәселесі оң шешіле бастады. Республикада туристерді орналастырудың 400 –дей нысаны (объекты) бар. Соның ішінде 239 қонақүй, 34 санаторий, 29 демалыс аймағы, 26 демалыс үйі, 17 туристік база, 13 сауықтыру лагері, 11 санаторий – профилакторий, 8 профилакторий жұмыс істейді.

Туризм инфрақұрылымының дамуы тек жылжымайтын мүліктерге ғана емес, сондай – ақ көлік қатынастары қызметімен де тығыз байланысты. Қазіргі таңда еліміз туристерді көліктің бірнеше түрімен тасымалдауға назар аударып отыр. Республика бойынша шетел туристерін тасымалдау мақсатында әуе, темір жол, автокөлік қатынастары іске қосылған. Шетелдің 6 әуе компаниясы жұмыс істейді.

Ал, экономикамыздың күретамыры – темір жолға келсек, шетел туристерін елімізге жеткізу үшін бірнеше бағыттар іске қосылды. Солардың ішінде «Қазақстан темір жолы» ұлттық жолаушылар тасымалдау» компаниясы туризм әкімшілігімен және «Тұран Азия» компаниясымен бірлесіп, «Жібек жолының маржаны» атты арнайы бағыт жобасын әзірлеген болатын. 2002 жылы оның алғашқы бағыты Алматы-Тараз-Шымкент-Самарқанд-Үргеніш-Бішкек-Рыбачье-Алматы қалалары бойынша жүзеге асты. Енді осы бағытты Тегеранға, одан әрі Бейжіңге дейін жалғастыру қолға алынды.

Туристерді автокөлікпен тасымалдау мәселесі де өзінің маңыздылығын ешқашан жоймақ емес. Қазіргі кезде біздің елдің автокөлік жолдары ірі туристік нысандарымызды шетелдермен байланыстырып отыр. Осы орайда көлік инфрақұрылымын одан әрі дамыту үшін әуе, автокөлік және темір жол нысандарының материалдық-техникалық базасын тиісті жабдықтармен қамтамасыз етіп, туристерге қызмет көрсету саласын дамыту керек деп есептеймін.

Туристік инфрақұрылым, оның менеджментін жақсарту саласында келімді – кетімді адамдарды сапалы азық – түлікпен, дәмді тағаммен қамтамасыз ету де жатады..

Тарихи және мәдени орталықтардың тағы бір ерекшелігі – олардың таяулы аймақтарға, өзен-көл жағалауларына жақын орналасуы. Сол себептен қазақтың көрікті табиғатын, саятшылық өнерін, балық аулау кәсібін этнографиялық жақтан әдептеу де туристік индустрияның табыс көзі болмақ. Маусымдық туризмге орай, қыстың күні қыратты аймақтарда шаңғы тебу, ат шана, түйе шанамен қыдырыс жасау да қызықтың оқшау бір түрі ретінде бағаланбақ.

2001 жылдың 13 маусымында күшіне енген «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңды басшылыққа және әлемдік туризм тәжірибелерін еске ала отырып, қазақ жеріндегі бұрынғы тазы жүгірту, құс салу, үкі асырау үрдісін, құрт, қызыл ірімшік қайнату, қазы айналдыру, қымыз ашытудың ұлттық технологиясын жолға салып, ретке келтіру қажет. Қазіргі шет ел туристерін зауыт – фабриктер, олар шығарған өнімдер қызықтырмайды. Оларды еліміздің өіне тән табиғи дәстүрлері мен салттары ғана елең еткізеді. Сондықтан тарихи және мәдени мұражайларға таяу ұзын жолдың бойында ұлт аспаптарында ойнаушыларды, ұлт дәмханаларын, ши, өрмек тоқу, тері илеу, күдері дайындау, қамшы өру, арқан есу, білезік, сакина соғу шеберлерін тұрақты орналастыру мәселесін шешу керек.

Тарихи мекен – жайлар ежелгі салт – дәстүрмен, этнографиялық айшықтармен тығыз байланысты болғандықтан, ғылыми қызметкерлер көмегімен қазақтың ежелгі көшін шет елдік туристерге тамашалау, «Қыз Жібек» жырындағы көш легін реконструкциялау ісін бір ізге салған жөн. Бұрынғы көші – қон дәстүрі де туристерді қызықтырмай қоймайды.

Кластер – бір – біріне жақын орналасқан, біріне – бірі байланысты, өзара шаруаларын толықтыра алатын, белгілі бір салаларда еңбек ететін кәсіпорындар мен ұйымдар тобы. Қолда бар мәліметтерге қарағанда, ел экономикасын дамытуға туристік кластер де қомақты үлес қоса алады, өйткені, бізде туризмнің мәдени – танымдық, экономикалық, іскерлік, сауықтыру бағыттарындағы түрлері де дамып келеді. «Маркетинг және талдау орталығы» мен америкалық «Austin Associates» және «Economic Competitiveness Group» компаниялары бірлесіп, Индустрия және сауда министрлігінің Сауда және туризм қызметін реттеу комитеті өкілдерінің қатысуымен туристік кластер жобасының алғашқы нұсқаның жасаған еді. Ал ел экономикасын кластерлік басқару туралы қабылданған жаңа жобаға келсек, оның негізгі мақсаты еліміздің өңдеуші салаларын тұрақты түрде дамыта отырып, бәсекеге қабілеттігін арттыру шараларының жоспарын жасау болып табылады. Соның нәтижесінде жаңа жұмыс орындарын көбейтуге, өткеру нарығы неғұрлым қажетсінетін тауарларды экспортқа шығаруға, мұнай өндіруге тәуекелділікті азайтуға, елімізде дамыған салалық кластерлер қалыптастыруға қол жеткізу сияқты ауқымды міндеттер орындалуы тиіс. *Пайдаланған сілтеме:*

Туризм инфрақұрылымының дамуы және кластерлік басқару, Қазақстанның шетелдерге насихатталуы. <http://bigox.kz/turizm-infrakurylymynyn-damuy-zhane-klasterlik-baskaru-kazakstannyn-shetelderger-nasixattaluy/>

Туризм индустриясының оң жақтары:

- ЖІӨ құрылымында туризмнен түскен табыстың өсуі;
- аудандарда әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы;
- туризмсферасында жұмыс істейтіндердің өсуі;
- экономиканың басқа салаларымен бәсекелестіктің артуы;
- аудандардың білім және ғылым потенциалының өсуі;
- агломерацияға антропогенді әсердің азаюы;
- инвестициялық бағдарламалардың тез өтелуі.

Теріс жақтары:

- ЖІӨ құрамында табыстарды иррационалды үлестіру;

- өндірістік инфрақұрылымның кейбір салаларының стагнациясы;
- туризм индустриясына басқа экономика салаларының экономикалық бағыныштығы;
- туризм индустриясында техникалық мамандандырылған кадрлардың азаюы;
- игерілмеген табиғи территорияларға антропогенді әсердің өсуі.